

Қарабаш ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 34/8-IV шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі N 380 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай ауданындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 10 қарашада N 5-7-100 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес алаңдарда Карабаш ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін және Карабаш ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жерорналастыру жобасына сәйкес белгіленсін.

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Бопаев Ж. Ж.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістер енгізілсін.

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

*Сессия төрағасы,
Ж. МАРАЛОВ*

Аудан әкімі

К. БАЙГОНУСОВ

**Б і р л е с к е н
Бесқарағай аудандық әкімдігінің
2011 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 380 қаулысы мен**

№ 34/8-IV шешіміне қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Канонерка ауылдық округінің
Карабаш ауылының елді мекендерінің Экспликациясы**

Ж е р пайдаланушылардың атауы	Барлық жоспардағы жерлер, га	Бөгденің пайдалануындағы жерлер, га	Елді мекенге бекітілді , га	барлық а/ ш алқаптары , га	олардан:			өзге де жерлер , га	олардан:	
					егістік га	шабындық , га	жайылым , га		құрылыс үшін, га	к о ғ а
Канонерка ауылының жерлері	213,6162	7,6162	206,0	204,8	-	-	204,8	1,2	-	-
Бесқарағай ауылының жерлері	63,1	4,1	59,0	57,7	-	-	57,7	1,3	-	0,
Босалқы жерлер	7,0	-	7,0	-	-	-	-	7,0	7,0	-
Жоба бойынша елді мекеннің аумағы	283,7162	11,7162	272,0	262,5	-	-	262,5	9,5	7,0	0,